

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
PhD докторант Таджибаева Жибек Алдабергеновнаның
«ЖОО жағдайында репатриант-студенттердің психологиялық-педагогикалық
бейімделуі» тақырыбындағы диссертациясының**

АНДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбы: ЖОО жағдайында репатриант-студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуі.

Зерттеудің мақсаты: жоғары оқу орны жағдайында репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісінің әдістемесін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және оны тәжірибелік тұрғыда әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

- жоғары оқу орны жағдайында репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу мәселесін зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін анықтау;
- репатриант студенттердің жоғары оқу орнындағы психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісінің мәнін, құрылымын және мазмұнын ашып көрсету;
- университеттік білім беру жүйесінде репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;
- жоғары оқу орны жағдайында репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісінің әдістемесі мен құрылымдық-мазмұндық моделін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы сынақтан өткізу және ұйымдастыру;
- жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық үдерісте репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуін тиімді ұйымдастыру бойынша ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды негіздеу.

Зерттеу әдістері:

- *теориялық әдістер:* философиялық, мәдениеттанулық, психологиялық, педагогикалық, анықтамалық әдебиеттер мен зерттеліп отырған мәселеге қатысты диссертациялық еңбектерді теориялық талдау және жалпылау; жоғары оқу орындарының педагогикалық тәжірибесін қорыту; педагогикалық модельдеу;
- *эмпирикалық әдістер:* сауалнама жүргізу, педагогикалық бақылау, студенттермен әңгіме және сұхбаттасу, диагностикалау, тестілеу, студенттердің әртүрлі даярлық кезеңдеріндегі шығармашылық жұмыстарын талдау; репатриант студенттердің әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық бейімделуін анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер;
- *статистикалық әдістер:* зерттеу деректерін статистикалық өңдеу әдістері, эксперимент нәтижелерін сапалық және сандық талдау әдістері; контент-талдау. Алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу үшін IBM SPSS Statistics «Statistical Package for the Social Sciences», «SPSS 26.0» статистикалық бағдарламалар пакеті пайдаланылды;

- *эксперименттік әдістер:* анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттер;

- *жобалау әдістері:* репатриант студенттердің жоғары оқу орны жағдайында психологиялық-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық үлгісі мен әдістемесін әзірлеу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу мәселесін зерттеу ғылыми-тәжірибелік алғышарттарды, теориялық және әдіснамалық негіздерді жүйелі түсіну арқылы және пәнаралық көзқарасты ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс.

2. «Репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуі» ұғымының мәні – бейімделушінің жаңа білім беру ортасының жағдайларына икемделу үдерісі мен нәтижесі болып табылады. Ол әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-психологиялық, мәдениетаралық, әлеуметтік-кәсіби бейімделуді қамтиды және компоненттер жүйесінен (мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік, іс-әрекеттік-тұлғалық) тұрады. Аталған бейімделу студенттің оқу-кәсіби іс-әрекетінің табыстылығын, тиімді мәдениетаралық коммуникациясын және тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді.

3. Репатриант-студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі тұтас педагогикалық үдерісте мақсаттық, мазмұндық, үдерістік, диагностикалық және нәтижелік компоненттерін қамтиды.

4. Жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісіндегі репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуін диагностикалау әдістемесі, мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік және іс-әрекеттік-тұлғалық компоненттерді диагностикалау әдістерін қамтиды.

5. Репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісін ұйымдастыру әдістемесі авторлық арнайы курс, арнайы семинарлар мен тренингтер бағдарламаларын қамтиды.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- жоғары оқу орны жағдайында репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу мәселесін зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері айқындалды;

- репатриант студенттердің жоғары оқу орнындағы психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісінің мәні, құрылымы мен мазмұны ашылып көрсетілді;

- «Бейімделу» ұғымының мәні мен мазмұнына теориялық талдау негізінде авторлық анықтама ұсынылды: «Репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуі – бұл бейімделушінің жаңа білім беру ортасының жағдайларына икемделу үдерісі мен нәтижесі болып табылады. Ол әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-психологиялық, мәдениетаралық, әлеуметтік-кәсіби бейімделуді қамтиды және компоненттер жүйесінен (мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік, іс-әрекеттік-тұлғалық) тұрады. Аталған бейімделу студенттің оқу-кәсіби іс-әрекетінің табыстылығын, тиімді мәдениетаралық коммуникациясын және тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді;

- университеттік білім беру жүйесінде репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу процесінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

- жоғары оқу орны жағдайында репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісінің әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелденді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

- бірінші нәтиже – ғылыми жаңалыққа ие: жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісінде репатриант-студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуі мәселесін зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері айқындалды;

- екінші нәтиже де жаңалық болып табылады: жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық үдерісте репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісінің мәні, құрылымы және мазмұны рет жан-жақты ашылып көрсетілді;

- үшінші нәтиже – жаңалық: жоғары оқу орны жағдайында репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу бейімделу үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- төртінші нәтиже – ғылыми жаңалыққа жатады: жоғары оқу орны жағдайында репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісін ұйымдастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі және әдістемесі тәжірибелік тұрғыда апробациядан өтіп, оның тиімділігі дәлелденді және ғылыми-тәжірибелік ұсынымдар негізделді.

Зерттеудің жұмысының практикалық маңыздылығын алынған нәтижелер жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу әдістемесін әзірлеу және енгізу барысында қолданылуға мүмкіндік береді: оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісіндегі репатриант студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі; авторлық арнайы курс – «Біз – Біргеміз»; ақпараттық-бағдарлық сабақтар циклінің бағдарламасы (30 сағат); тренингтер циклінің бағдарламасы; репатриант-студенттердің жоғары оқу орнында психологиялық-педагогикалық бейімделу процесін диагностикалау әдістемесі; «ЖОО–да репатриант-студенттердің бейімделу деңгейі» авторлық сауалнамасы; «ЖОО жағдайына бейімделу процесінде студент-репатрианттарға психологиялық-педагогикалық қолдау» оқу құралы.

Зерттеу нәтижелері жоғары және арнаулы орта оқу орындарының факультеттері мен бөлімдерінде, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде, қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында қолдана алады.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы; Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарттарын бекіту туралы; Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңы (1991 жылғы 20 желтоқсанда №1017-ХІІ қабылданған, 2023жылғы 1 қыркүйектегі өзгерістермен толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі №900 қаулысымен бекітілген «Этникалық қазақтарды тарихи отанына оралу тұжырымдамасы»; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы №1126 қаулысымен бекітілген «Нұрлы көш» бағдарламасы (2009–2011 жж. арналған); Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы (2011 жылғы 22 шілдеде №477-IV қабылданған, 2023 жылғы 1 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы №83 қаулысымен бекітілген «Оралмандар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін аймақтарды айқындау туралы» қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі №396 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму тұжырымдамасы»; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №961 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2023–2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы»; Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы». Бұл құжаттарда мемлекеттің көші-қон саясатының басты басымдықтарының бірі – этникалық қазақтарды, яғни қандастарды, олардың тарихи Отанына – Қазақстанға репатриациялау болып табылады. Мемлекет жүргізіп отырған саясат ұлттық бірігуді, халық бірлігін нығайтуға, шетелдерде тұрып жатқан этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуына, оларды еңбек ресурстарына мұқтаж өңірлерге қоныстандыруға, тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуге, халық санының артуына, аз қоныстанған аймақтарды игеруге, мемлекеттің қауіпсіздігін күшейтуге, сондай-ақ қандастардың Қазақстан Республикасына бейімделуі мен ықпалдасуына жағдай жасауға бағытталған. Аталған құжаттар мен бағдарламалар зерттеу тақырыбының өзектілігін, ғылыми және әлеуметтік маңыздылығын дәлелдейді. Репатриант студенттердің жоғары оқу орны жағдайында бейімделу үдерісі — өзінің әлеуметтік-педагогикалық маңыздылығына байланысты ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады. Қазақстандық білім беру жүйесі мұндай санаттағы білім алушылар – репатриант студенттердің бейімделуі мен интеграциясына жәрдемдесу үдерісіне белсенді түрде тартылуы тиіс.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы: Зерттеу нәтижелері негізінде 20 ғылыми еңбек жарияланды. Оның ішінде: Scopus ақпараттық базасына енгізілген журналда 1 мақала; ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала; Халықаралық ғылыми конференция материалдары мен басқа да мерзімді басылымдарда 12 мақала; 1 оқу құралы басылып шығарылды, 2 авторлық куәлік алынды.

1. Investigation of Psychological Adaptation, Pedagogical Competence, and Adjustment to University Life Levels of Repatriate University Students. Journal of Social Studies Education Research. Vol.16(1). – P. 1-31, 2025. .www.jsser.org.

<https://www.scopus.com/sourceid/211004292> Education - 57 процентиль. Бұл мақалада репатриант-студенттердің жоғары оқу орнында білім алу жағдайында психологиялық, педагогикалық және университеттік өмірге бейімделуін зерттеу нәтижелері ұсынылған. Бейімделудің тетіктері, қолдау бағдарламалары қарастырылып, сәтті бейімделуге ықпал ететін ұсыныстар берілген. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 76 %. (Co-authored by: Abdullayeva P. 10 %, Ozgambayeva R. 7%, Aitenova E. 7 %).

2. Методологические подходы к исследованию проблемы психолого-педагогической адаптации студентов-репатриантов в целостном педагогическом процессе вуза. «Педагогика және психология» журналы, Абай атындағы ҚазҰПУ. - 2020. - №1(42). - Б.25-36. <https://doi.org/10.51889/2020-1.2077-6861.03> Мақалада ЖОО тұтас педагогикалық үдерісінде репатриант-студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделу мәселесін зерттеудің әдіснамалық тәсілдері, қағидаттары мен әдістері қарастырылған. Докторанттың үлесі – 70 %. Қосалқы автор: А.Х. Аренова – 30 %.

3. К исследованию адаптации личности. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Психология» сериясы. - 2020. - № 2(63). – Б.194-200. DOI:10.51889/2020-2.1728-7847.30 Мақалада бейімделу мәселелерін зерттеудің теориялық тәсілдері мен практикалық зерттеулері қарастырылған. «Бейімделу» ұғымының мәні, кешенді тәсіл тұжырымдамасындағы бейімделу үдерісінің мазмұны ашылып көрсетілген, сондай-ақ репатриант-студенттердің жоғары оқу орнында білім алу барысында бейімделу ерекшеліктері талданған. Докторанттың үлесі – 100 %.

4. Theoretical-organizational issues of psychological-pedagogical adaptation through the education of students-repatriates in the conditions of study at university. «Педагогика және психология» журналы, Абай атындағы ҚазҰПУ. - 2020. - №3(44). - Б.15-25. <https://doi.org/10.51889/2020-3.2077-6861.02>. Мақалада жоғары оқу орнында білім алу жағдайындағы репатриант-студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуі талданып, репатриант-студенттердің бейімделу үдерісін ұйымдастырудағы шетелдік және отандық тәжірибе қарастырылған. Бейімделудің мәні мен ерекшеліктері, оқыту үдерісінде оқытушы мен студенттің өзара әрекеттестігі, сондай-ақ репатриант-студенттердің қазақстандық жоғары оқу орнының білім беру үдерісіне бейімделу және ықпаландыру үдерісі көрсетілген. Докторанттың үлесі – 70 %. Қосалқы авторлар: Нагибина Н.Л. – 15 %, Аренова А.Х. – 15 %.

5. Проблемы психолого-педагогической адаптации студентов-репатриантов в процессе обучения. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Психология» сериясы. - 2020. - №3(64). - Б.115-120. <https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-7847.22> Мақала репатриант-студенттердің оқу үдерісіндегі психологиялық-педагогикалық бейімделу мәселелерін зерттеуге арналған. Бейімделу үдерісінің мазмұны, сипаттамалары мен ерекшеліктері ашып көрсетілген. Зерттеудің әдіснамалық негіздері, зерттеу құралдары және репатриант-студенттердің жоғары оқу орнындағы психологиялық-педагогикалық бейімделу үдерісінің моделі ұсынылған. Докторанттың үлесі – 90 %. Қосалқы автор: Сапарбай Ш.С. – 10 %.

6. Cultural transmission as the basis for successful psychological and pedagogical adaptation of repatriate students. 4-th International EMI Entrepreneurship social sciences congress. - Istanbul: Nisantasi University, 2019. - Б.89-102. <https://www.emissc.org/files/E-Book/4.%20EMI%20FULL%20TEXT.pdf> Мақалада бейімделу, инкультурация теориялары талданып, мәдени трансмиссияның мәні ашып көрсетілген. Репатриант-студенттердің бейімделу ерекшеліктері мен олардың жоғары оқу орнында білім алу мотивтеріне қатысты эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Докторанттың үлесі – 80 %. Қосалқы автор: Нагибина Н.Л. – 20 %.

7. Адаптация и эффективность психолого-педагогического сопровождения студентов в вузе. «Образовательная среда: теория и практика», II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. - Астрахань, 2019. - Б.115-123. <https://elibrary.ru/> Мақала репатриант-студенттердің бейімделуінің өзекті мәселелеріне және олардың жоғары оқу орнының ортасына бейімделу кезеңінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің тиімділігіне арналған. Докторанттың үлесі – 85 %. Авторлар: Аренова А.Х. – 10 %, Кабакова С.Б. – 5 %.

8. К вопросу об адаптации студентов-репатриантов к обучению в вузах Казахстана. «Wissenschaftliche ergebnisse und errungenschaften: 2020», 25 желтоқсан 2020, Мюнхен. - Б.51-54. DOI 10.36074/25.12.2020.v3.18 Мақалада репатриант-студенттердің университеттегі оқу үдерісіне бейімделу ерекшеліктері мен мәселелері қарастырылған. Докторанттың үлесі – 80 %. Авторлар: Толамиссов А. – 10 %, Есимбекова А. – 10 %.

9. Эффективность адаптации студентов к вузу// «Образовательная среда: теория и практика», халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Астрахань, 2021. - Б.145-165. <https://scholar.google.ru/> Мақалада студенттердің жоғары оқу орнында оқуға бейімделу үдерісінің шарттары, факторлары, көрсеткіштері мен тиімділік нәтижелері қарастырылған. Докторанттың үлесі – 90 %. Қосалқы автор: Кабакова М.Б. – 10 %.

10. Адаптация и стратегии совладания стрессом. «Педагогикалық ғылым мен білім: уақытпен үндестік», VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астрахань, 2023. – Б. 320-325. Мақалада бейімделу мен стресстің өзара байланысы, факторлары, көрсеткіштері, стресс-төзімділік деңгейі және тұлғаның стресс жағдайларында тиімді әрекет ету қабілеттері талданған. Докторанттың үлесі – 90 %. Қосалқы автор: Кабакова М.Б. – 10 %.

11. Психолого-педагогическая поддержка студентов вуза в процессе адаптации. «Заманауи мектепке дейінгі және бастауыш білім: теория, әдістеме және тәжірибе» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. – Алматы, 2017. – Б. 184–187. Бұл мақалада репатриант-студенттердің жоғары оқу орны жағдайына бейімделу үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдау тетіктері ашып көрсетілген. Докторанттың үлесі 100%- ды құрайды.

12. Психолого-педагогическая среда, как фактор успешной межкультурной адаптации студентов-репатриантов в условиях

образовательного пространства вуза. «Педагогикалық білім берудегі дуалды оқыту: тәжірибе, тәсілдер, мәселелер» атты ғалымдар мен мұғалімдердің екінші республикалық жыл сайынғы конференция материалдар жинағы. – Алматы, 2017. – Б.156–160. <https://www.kaznpu.kz/ru/2870/> Мақалада репатриант-студенттердің ЖОО-да білім алу үдерісіндегі мәдениетаралық бейімделуінде университеттің психологиялық-педагогикалық ортасының рөлі қарастырылған. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі 100%- ды құрайды.

13. Процесс адаптации и интеграции студентов в образовательный процесс казахстанского вуза. Yessenov University, «Университет – ой-пікірлер аймағы» форумы, 2019 жылғы 7–8 қараша. – Б.25–27. <https://yu.edu.kz/ru/conference-collections/> Мақалада репатриант-студенттердің қазақстандық жоғары оқу орнының білім беру үдерісіне бейімделуі мен ықпалдандыру мәселесі қарастырылған. Докторанттың үлесі – 80%. Қосалқы автор: А.Х. Аренова – 20%.

14. Формирование познавательной самостоятельности студентов вуза. Халықаралық пәнаралық ғылыми-практикалық журнал «Адам, өнер, ғарыш». – 2020. – ISSN 2411-5916. – Б. 146-153. https://iidp.ru/paper/files/sbornik_2020.pdf Бұл мақалада бейімделудің әртүрлі қырлары мен тұлғаның жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу ерекшеліктері талданған. Докторанттың үлесі – 80%. Қосалқы автор: А.Х. Аренова – 20%.

15. Теоретические аспекты адаптации личности в новой социокультурной среде. Халықаралық пәнаралық ғылыми-практикалық журнал «Адам, өнер, ғарыш». – 2020. – ISSN 2411-5916. – Б.154–163. https://iidp.ru/paper/files/sbornik_2020.pdf Бұл мақалада бейімделудің әртүрлі қырлары мен тұлғаның жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу ерекшеліктері талданған. Докторанттың үлесі 100%- ды құрайды.

16. Сравнительный анализ изучения отечественного и зарубежного опыта проблем адаптации студентов. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің хабаршысы. «Педагогика және психология» сериясы. – 2023. – №3 (70). – Б. 44–53. DOI10.47649/vau.2023.v70.i3.05 Мақалада бейімделу мәселесіне қатысты эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Репатриант-студенттердің жоғары оқу орнында бейімделуі мен интеграциялануына байланысты отандық және шетелдік тәжірибелер ескеріле отырып ұсыныстар берілген. Докторанттың үлесі – 90%. Қосалқы автор: М.Б. Кабакова – 10%.

17. Theoretical approaches to the study of the process of Adaptation and inculturation//World Science Priorities атты XVI халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Вена, Австрия. – 2025. – Б. 133–136. DOI <https://doi.org/10.5281/zenodo>. Бұл мақалада бейімделуге, инкультурация үдерісіндегі тұлғаның мәдени трансформация кезеңдеріне, сондай-ақ табысты инкультурацияға ықпал ететін әлеуметтік институттарға назар аударылған. Докторанттың үлесі 100%- ды құрайды.

18. Психолого-педагогическая поддержка студентов-репатриантов в процессе адаптации к условиям обучения в вузе. Оқу құралы. – Yessenov University. – Ақтау, 2020. – 63 бет. Оқу құралында бейімделуді, мәдениетаралық

коммуникацияны зерттеудің теориялық негіздері мен тәсілдері, мәдениетаралық коммуникация дағдыларын қалыптастыру және дамыту, сондай-ақ репатриант-студенттердің жоғары оқу орны жағдайына бейімделу үдерісіндегі әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеудің ерекшеліктері берілген. Докторанттың оқу құралын әзірлеуге қосқан үлесі 100% - ды құрайды.

19. Психолого-педагогическая поддержка студентов-репатриантов в процессе адаптация к условиям обучения в вузе. Авторлық құқықпен қорғалатын нысандардың мемлекеттік тізіліміне енгізілгені туралы куәлік, 2023 жылғы «04» сәуір, №34314. <https://copyright.kazpatent.kz>. Докторанттың үлесі 100%- ды құрайды.

20. Опросник адаптированности студентов-репатриантов в вузе. Авторлық құқықпен қорғалатын нысандардың мемлекеттік тізіліміне енгізілгені туралы куәлік, 2023 жылғы «05» сәуір, №34359. <https://copyright.kazpatent.kz> Докторанттың үлесі 100%- ды құрайды.